

Түркістан облысы Сарыағаш ауданы Дербісек елді мекені
ЖШС «Дин-Асыл» бөбекжай балабақшасы



Бөбекжай «Дин-Асыл» бөбекжай
балабақшасы меңгерушісі
Н.Оразбаева
2025.12.20 2026жж

Ертеңгілік

«ҚОШ КЕЛДІҢ, ЖАҢА ЖЫЛ»

МАД «Бүлдіршін» тобы
Тәрбиеші: Шокирова Н



2025-2026жж

Балалар музыка әуенімен кіріп орындарына отырады.

Жүргізуші:

Даламызға,қаламызға,
Жаңа жыл кіріп келеді.
Қартыңызға,балаңызға,
Жалынды сәлем береді.
Тыңдаңыздар,тыңдаңыздар,
Таңырқанып тұрмаңыздар.
Сәнді шырша шақырады,
Шырша жырын жырлаңыздар.
Келіңіздер,келіңіздер,
Би де билеп беріңіздер
Қызығы мол жаңа жылдың
Тамашасын көріңіздер!

Жүргізуші:- Сәлеметсіздер ме, құрметті қонақтар,балалар! Кіріп келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен барлығыңызды шын жүректен құттықтаймын! Жаңа жыл барлығымызға жаңа табыстар мен бақыт алып келсін.Балалар біз биыл Жылан жылын шығарып салып,Жылқы жылын күтіп аламыз.Жылқы біздің төрт түлігіміздің бірі.Жылқы бауырмал,иесіне де,үйіріне де адал жануар.Сондықтан да қазақ өзін жылқы мінезді халық деп санайды.Жаңа жылқы жылымыз құтты болсын!

(музыка әуенімен Қоян мен Қасқыр келеді, қолдарында себетте шыршаның ойыншықтары бар)

Қоян: -Сәлеметсіңдер ме балалар!

Қасқыр: -Сәлеметсіңдерме достар!

Түлкі: -Балалар неткен әдемісіңдер! Шыршаларыңда әдемі. Бақшада жаңа жылдық мерекені тойлайтынын біліп,шыршаны безендіруге,сендерге мерекелік көңіл-күй сыйлап, жаңа жылмен құттықтап, мерекені сендермен бірге тойлауға келдік.

Ойын: «Шыршаны безендіру»

Қасқыр: -Балалар, біз шыршаны безендірдік, бірақ бәрібір бір нәрсе жеткіліксіз болып тұр. Қалай ойлайсың, қоян?

Жүргізуші: -Шыршаны безендіріп қойдық,бірақ шырша шамдарын жағу үшін Аяз ата мен Ақшақарды шақырып алайық.

(осы кезде мыстан сыпырғышымен кіріп келеді)

Мыстан кемпір: - Хи-хи-хи,ха-ха-ха,сендер мұнда не істеп жатырсыңдар,қандай мереке болып жатыр?

Жүргізуші: -Сәлеметсің бе Мыстан кемпір.Біз бүгін балалармен Жаңа жыл мерекесін тойлап жатырмыз.Бірақ шырша шамдарын жағу үшін Аяз ата мен Ақшақарды күтудеміз.

Мыстан кемпір: -Хи-хи-хи Аяз ата мен Ақшақарды мен орманда сиқырлап қойдым,егер де менің жұмбақтарымның шешімін тапсаңдар,онда Аяз ата мен Ақшақардың сиқырын жойып,сендермен Жаңа жыл тойлауға жіберемін,қалай қарайсыңдар?

Жүргізуші: -Балалар Мыстан кемпірдің жұмбақтарының шешімін таба аламызба?

Балалар: -Ия табамыз

Мыстан кемпір:

1.Суда мұз бар
Жерде қар бар
Боран борап тұрады,
Бұл қай мезгіл болады?

Балалар: -Қыс мезгілі

Мыстан кемпір:

2.Қыста ғана болады
Ұстасаң қолың тоңады
Бұл не?

Балалар: -Қар

Мыстан кемпір:

Жасыл ине киімім
Жайлаймын тау биігін
Жаңа жылды тойласаң
Төріңдемін үйіңнің

Балалар: -Шырша

Мыстан кемпір:

Балалар жақсы көреді
Қыста ғана келеді
Ән-жыр айтса,қысылмай
Сыйлық,кәмпит береді

Балалар: -Аяз ата

Мыстан кемпір: -Әй жарадыңдар,балақайлар!Мен уәдемде тұрайын сендерге Аяз ата мен Ақшақарды жіберейін. Қасқыр мен Қоян сендер менімен жүріңдер, Аяз ата мен Ақшақарға жәрдемдесіп,оларды мерекеге ертіп келейік.

(Мыстан кемпір,Қасқыр,Қоян орманға кетеді,кенеттен сыбдыр-сыбдыр дыбыстар естіледі)

Жүргізуші: -Ал,балалар Аяз ата мен Ақшақарды шақырайық.

Балалар: -Аяз ата,Ақшақар! (3 рет)

(Аяз ата мен Ақшақар,Мыстан кемпір,Қасқыр,Қоян сыйлықтарын арқалап кіріп келеді)

Аяз ата: -Сәлеметсіңдерме қыздарым мен ұлдарым!Мен сендердің мерекелеріңе асығып ұзақ жол жүріп келдім.Көп сыйлықтар әкелдім.Жолдан шаршап келдім,сендердің өнерлеріңді тамашалап біраз дем алайын.

Ақшақар: -Сәлеметсіңдерме менің кішкентай сіңлілерім мен інілерім.Сендерді көріп қатты қуанып тұрмын.Аяз ата бірақ шырша шамы жанбай тұр екен.Шырша шамын жағайық.

Аяз ата:

Шырша шамын жағайық
Жаңа жыл тойын ашайық.

(шырша шамы жағылады)

Жүргізуші: -Ал ендеше Аяз ата,Ақшақар біздің балаларымыздың өнерлерін тамашалаңдар.Алдыменен өлең шумақтарымен бастап алсақ.

Б.Раяна:

Аяз келді қаһарлы
Айналаны қар жапты
Ақ тон киіп орман тұр
Дәл атамдай салмақты

Сүндет:

Аяз ата ақ сақалды
Ақ таяқты паң ата
Асып өтіп асқар тауды
Жеттің бізге таң ата

Қарақат:

Қайда қызық думан болса
Аяз ата сонда болды
Балалармен бірге ойнап
Балалармен бірге қонды.

Мухаммед:

Жапалақтап ақша қар
Жауды күнде қайталап
Қырға шықты балалар
Шаңғыларын арқалап

Айсұлтан:

Мәз болып,жиналып көп бала
Бір-бірін құшақтап топтама
Дайын тұр тақпақ пен әніміз
Әрдайым құлпырсын сәніміз.



Жүргізуші: -Керемет балалар! Ал енді біздің қыздардың орындауында
«Араб биі»

Би: «Араб биі»



Аяз ата: -Қандай тамаша қыздар екен,өнерлерің өрге жүзсін.

Жүргізуші: -Келесі тақпақтарымызға кезек берсек.

Ж.Раяна:

Ақ қырауға малынған
Сақалы да мұрты да
Аяз ата сағынған
Сәлем берді жұртына

Қ.Раяна:

Безендіріп шыршаны
Жыл қуантты баршаны
Той маскарад басталды
Аяз оны басқарды

Нұржігіт:

Аппақ тонға оранып
Базарлықты мол алып
Келді алыс сапардан
Аяз ата оралып

Усмон:

Жырмен өтсін күнің
Таусылмасын сырың
Батқан күнмен кетсін
Мұның болса бұрын

Айым:

Жаңа жылым мол болсын
Басқан қадам оң болсын

Төрле, төрле, Жаңа жыл
Бізге құтты жыл болсын.

Алихан:

Далада қар борайды
Ақ мамыққа орайды
Мұз болады қатады
Жып-жылтыр боп жатады.



Ақшақар: -Қандай әдемі өлең жолдары, жарайсыңдар балалар!

Жүргізуші: -Ал келесі кезекті «Жаңа жыл» әніне берсек.

Ән: «Жаңа жыл» хор.

Мыстан кемпір: -Недеген тамаша ән еді, қандай өнерлі балалар!

Жүргізуші: -Біздің барлық балаларымыз өнерлі. Тақпақтарға кезек берсек.

Омина:

Аспан жерге төгеді
Ақ күмісін уыстап
Ой жылы келеді
Бізге қарай жылыстап

Димаш:

Мезгілдерің жаңарған
Ескіргенін елейтін
Алдағы жыл ақ арман
Ассалаума-ғалейкум

М.Раяна:

Біз көңілді баламыз
Шаршауды біз білмейміз
Тақпақ айтып, би билеп
Аяз Атадан сыйлық аламыз

Осман:

Аю,қасқыр,қоян,түлкі бәрі де
Ортада жүр би билеп
Балалар жүр мәз болып
Би билейді дөңгелеп

Жүргізуші: -Жарайсыңдар,балалар! Ал енді біздің ұлдардың орындауында
«Флешмоб»биін тамашалаңыздар.

Би: «Флешмоб»



Аяз ата: -Қандай мықты ер азаматтар екен.Өте тамаша биледіңдер.

Жүргізуші: -Біздің әлі де сіздерге арналған тақпақтарымыз бар,кезекті сол тақпақтарға берсек.

Танат:

Аяз ата келді
Бізге сәлем берді
Қалтасында шоколад
Бізге бөліп берді

Шұғыла:

Жаңа жыл,Жаңа жыл
Жаңа жылға жаңа жыр
Жасыл шырша жанында
Билеп барлық бала жүр

Хан-Сұлтан:

Ақ қырауға малынған
Сақалы да,мұрты да
Аяз ата сағынған
Сәлем берді жұртына



Жүргізуші: -Керемет,балапандар,жарайсыңдар!Ал ортада біздің қыздардың «Көңілді күн» биін,қабыл алыңыздар!

Би: «Көңілді күн»

Ақшақар: -Менің сіңлілерім өте өнерлі екен,жарайсыңдар!

Аяз ата: -Балақайлар,сендер барлығыңда өте өнерлі,ақылды,тамаша балалар екенсіңдер.Сендердің өнерлерінді тамашалап отырып,демалып алдым.Енді менің де сендерге сыйлықтарым бар.сендерге соны үлестірейін.

(Аяз ата,Ақшақар сыйлықтарын балаларға береді)

Аяз ата: -Ал енді біз басқа да балаларға барып өз сыйлықтарымызды берейік.Сендерге үлкен рахмет!Өте тамаша көңіл-күймен кетіп барамын.Сау болыңдар!

Ақшақар: -Менде сендерге өте риза болдым.Кездескенше күн нұрлы болсын,балақайлар!

Мыстан кемпір: -Хи,хи менде сендермен қоштасайын.Аяз ата мен Ақшақарға жәрдем берейін.Сау болыңдар!

Қасқыр: -Сау болыңдар,балалар!

Қоян: -Көріскенше менің кішкентай достарым!

(Аяз ата,Ақшақар,Мыстан кемпір,Қасқыр,Қоян,Түлкі барлығы бірге шығып кетеді)

Жүргізуші:

Жаңа жылдың таңы неткен арайлы,

Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды.

Бақыт,шаттық,молшылық пен тыныштық,

Бәрімізге ала келсін Жаңа жыл! -деп, әр отбасыға береке мен

бақыт,шаттық пен шадыман күлкі тілейміз.Бүгінгі «Бүлдіршін» тобының «Жаңа жыл» атты ертеңгілігіне уақыт бөліп тамашалағандарыңызға үлкен рахмет! Келесі мерекеде жүздескенше сау болыңыздар!



Шәрефәт: Давид.

Түркістан облысы Сарыағаш ауданы Дербісек елді мекені
ЖШС «Дин-Асыл» бөбекжай балабақшасы



«Дин-Асыл» бөбекжай
балабақшасының тәрбиешісі
Н.Оразбаева

Тәрбие сағаты

«Тіл татулықтың дәнекері»

МАД «Бүлдіршін» тобы
Тәрбиеші: Шокирова Н



2025-2026жж

«Тіл татулықтың дәнекері!»

Әнұран

Жүргізуші: -Сәлеметсіздерме бүгінгі мерекенің қадірлі қонақтары!Бәріміз осы жерде дүниеге келіп,бәріміз таңғажайып Қазақстан мемлекетінде тұрамыз,әр алуан тілде сөйлейміз.Себебі,Қазақстан көп ұлтты мемлекет.Бүгінгі мейрам-тілдер күні!Жыл сайын қыркүйектің 22-сінде Қазақстанда Тілдер күні атап өтіледі.Бұл бүкіл Қазақстан халқының мейрамы.Бүгінгі мерекемен құттықтау үшін алғы сөз әдіскеріміз Усипбекова Камила апайға беріледі.

Усипбекова Камила апай Тілдер мерекесімен құттықтап,сөз сөйледі.

Жүргізуші: -Құлақтан кіріп бойды алар,Әсем ән мен тәтті күй» деп ұлы Абай айтқандай құлақ құрышын қандырған әсем әннен кейін,сахнаның сәнін келтірер,ғажайып қазақ биін тамашалайық.

Би: «Қазақ биі»

Жүргізуші: -Қазақстанда 130-дан астам ұлттар тұрады.Олардың бәрі өз ана тілдерін сақтап сөйлеседі.Біздің Республикамызда 178 жексенбілік мектеп бар,23 ұлттық тілдер оқытылады.Бізде неміс,корей,украин тілдерінде газеттер шығады.

Тіл-Ұлттың жаны,қаны,рухы,жансыз нәрсе-өлі нәрсе.Адам тілді ең алғаш анадан үйренеді.Адамның бойындағы бар асыл қасиеттер тіл арқылы келіп,рухани күшке айналады.Рухы күшті адам,халық ешқашан жеңілмейді.Тілін ұмытқан халық өз мәдениетін сақтап отыра алмайды.Тілімізді анамызды құрметтегендей құрметтейік.

Қуан далам қуанатын күн бүгін
Серпіп таста мұңды дала түндігін
Тіл туралы заңым енді күшіне
Паш еткендей кескен жаңа кіндігін
-Ал балалардың тақпақтарын тыңдайық.

Айсұлтан:

Ана тілім бал тілім
Өзің барда шалқыдым
Өз тілімде ән шырқап
Термелетіп балқыдым.

Б.Раяна:

Тілім барда мақтанам
Тілім менің аппақ ән
Бірлігімді бүгінгі
Ана тілім сақтаған

Мухаммед:

Ана тілің біліп қой
Еркіндігің,теңдігің
Ана тілің біліп қой
Мақтанышың,елдігің.

М.Раяна:

Ана тілің- арың бұл
Ұятың боп тұр бетте
Өзге тілдің бәрін біл
Өз тіліңді құрметте

И.Усмон:

Ана тілім тірегім
Ана тілім жүрегім
Қасиетті елімнің
Теңі өзің деп білемін

Қарақат:

Ана тілім елдігім
Ана тілім ерлігім
Тілді бүгін құрметтеп
Тойлап жатыр ел бүгін

Жүргізуші:

Тіл туралы жұрт тілеген салауат
Тіл туралы естілмесін жамағат
Тіл дегенің,тіл дегенің бұл біздің –бабамыздан қалған асыл аманат.

Туған тілім-аласармас тұғырым
Сен құрысаң мен де бірге құрыдым
Мерекенді қуанышпен қарсы алам
Ұзақ болсын туған тілім ғұмырың.
-Кезекті қыздарымыздың биіне берсек.

Жүргізуші:-Құрметті қонақтар,сіздерді Тіл мерекесімен шын жүректен
құттықтай отырып,еңбектеріңіздің жемісін көріп,бақытты өмір сүрулеріңізге
тілектеспіз.Келесі жүздескенше күн нұрлы болсын!





Mercepingi. Daisek.

Түркістан облысы Сарыағаш ауданы Дербісек елді мекені
ЖШС «Дин-Асыл» бөбекжай балабақшасы



ЖШС «Дин-Асыл» бөбекжай
балабақшасы меңгерушісі
Н.Оразбаева
11.2025-2026ж

Ертеңгілік

«АЛТЫН КҮЗ»

МАД «Бүлдіршін» тобы
Тәрбиеші: Шокирова Н



2025-2026жж

АЛТЫН КҮЗ

Мақсаты: Балабақшамызда өткізіліп жатқан «Алтын күз» мерекесіне ұйымшылдықпен қатыса отырып, күз-байлық, күз-береке, күз-молшылық, күз-шаттық, күз-қуаныш екенін балалардың санасына жеткізу. Өздеріне ерік бере отырып, ауызбіршілікке, ынтымақтастыққа баулу.

Жүргізуші: -Армысыздар құрметті ұстаздар, ата-аналар, «Дин-Асыл» балабақшасының бүлдіршіндері!Бүгінгі күз мезгіліндегі ең тамаша «Алтын күз» атты күзгі ертеңгілігімізге қош келдіңіздер! Берекелді, мерекелі алтын күз құтты болсын!Қасиетті күз мезгілінің бір сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес.Ел байлығын арттырған,сары алтындай,сары күз бізге дәмді жемістерін,қамбаға толы астығын сыйлады. Күз дегеніміз- байлық, молшылық.Ендеше «Алтын күз»атты ертеңгілігімізді бастаймыз.

Қарсы алайық бәріміз
Жасымыз бен кәріміз
Қырдан кепті қыдырып
Алтын күз бізге нұр беріп.

Жүргізуші: -Ал ортаға «Алтын күз» атты сайысымызға қатысатын Ханшайымдар мен Ханзадаларды шақырамыз.

«Маржан» тобынан:

- 1.Тұрап Інжу
- 2.Бахтиёр Жансерік

«Нұршуақ» тобынан:

- 1.Бегисбек Фирдаус
2. Абдусултан Ернар

«Бүлдіршін» тобынан:

- 1.Курбаналиева Раяна
- 2.Мырзабек Раяна
- 3.Ерділлә Таңат

«Айгөлек»тобынан:

- 1.Сайдахмат Сафина
- 2.Алиев Мухамад

«Балбөбек» тобынан:

- 1.Ахмет Мери
- 2.Азимбай Алинур



Жүргізуші: -Керемет қандай әдемі балалар!Балалар жайғаса қойыңдар.Мен сайыстың шарттарымен таныстырып өтейін.

(Күз ханшайымы кіріп келеді)

Күз ханшайымы: -Сәлеметсіңдерме балалар! Мен Күз Ханшайымы боламын.

Сары жапырақ желмен ұшып

Тәтті жемістер пісіп,

Сендерге қуаныш сыйлауға келдім!

Қандай әдемісіңдер!

Киімдерің де керемет!

-Бүгін мен сендердің өнерлеріңді тамашалауға келдім.

Жүргізуші: - Ал енді бүгінгі сайыстың шарттарымен таныстырып өтейін.

Шарттары:

1. Таныстыру (балалар өздерін таныстырады)

2. Өнер сайысы (өз өнерлерін көрсетеді)

3. Сән үлгісі (күз мезгіліне дайындаған киім үлгілерін көрсетеді)

4. Күз мезгіліне байланысты қолөнері (дайындаған қолөнерлерін таныстыру)

Жүргізуші: -Нағыз сары алтындай сары күз-қыркүйек айы. Ол-еңбек айы.

Күз маусымының екінші айы – қазан. Бұл ай – мереке басы, өйткені дихандар сабантой жасайды. Күздің соңғы айы-қараша. Қараша десе дегендей, айнала теп-тегіс сары алтын.

Жүргізуші:

Қош келдіңіз көрермен,

«Алтын күз» сын-кешіне

Отырыңыз қол соғып,

Шат күлкіге бөлене.

Көбейді құт-береке,

Астық толы қоймамыз

Құтты болсын мереке,

«Алтын күзді» тойлаймыз.

Жүргізуші: -Балалар көңіл-күйімізді көтеріп алу үшін «Бүлдіршін» тобының балапандарының орындауындағы әнге берсек.

Ән: «Күз келді»



Жүргізуші: -Тамаша,балалар!Ендеше, құрметті көрермендер қатысушыларымызға сәттілік тілей отырып, «Алтын күз» атты сайысымыздың бірінші бөліміне кезек берейік. Қол соғып қошеметтеп қарсы алыңыздар біздің сұлу да сүйкімді Ханшайымдарымыз бен салмақты да сымбатты Ханзадаларымыз өздерін таныстырсын.

I- бөлім. Таныстыру.

Күз келіп, Хан мен Ханшайым
Өткізді күзгі бал айын
Ханшайым тапқыр қыз болды,
Ағызар сөйлеп сөз майын
Ал Ханзадамыз ақылды,
Барша жұртты шақырды
Қуаныштан шалқыды. (балалар өздерін таныстырады)





Жүргізуші: -Ханшайымдарымыз бен Ханзадаларымызды танып білсек кезекті «Балбөбек» тобының бүлдіршіндерінің биіне берсек.
Би: «16 қыз»



Жүргізуші: -Сайысымыздың екінші бөліміне кезек берейік. Қазақ өнер десе ішкен асын жерге қоятын халық қой.

II - бөлім. Өнер сайысы.

Көңілді біз баламыз

Шырқап әнге саламыз

Ортада біз би билеп

Көңілімізді көтеріп аламыз.(өз өнерлерін көрсетеді)





Жүргізуші: -Ал өнерлерімізді тамашалап алсақ,«Айгөлек» тобының биіне кезек берсек.

Би: «Қазақша би»

Жүргізуші: -Тамаша жарайсыңдар! Ал енді келесі сайысымыз сән үлгісі.Көріп тамашалайық.

III - бөлім. Сән үлгісі.

Бүгінгі кеш өтіп жатыр өз мәнімен,
Әр сұлу әсем болар өз жанымен
Өз қолынан шығарған киім үлгісін
Сіздерге көрсетеді өз сәнімен.Қатысушыларымыз өз шығармашылықтарымен жасаған киім үлгілерін көрсетеді.Олай болса, қол соғып қошеметтеп отырайық.(ортада өз киім үлгілерін көрсетеді)



Жүргізуші: -Балаларымыздың сән киімдері өте керемет болыпты.Балалар «Маржан»тобының баларының өнеріне кезек берсек.

Би: «Өзбек биі»



Жүргізуші: -Жарайсыңдар,балалар! Кезекті «Қолөнер» сайысна берсек.

IV – бөлім. Қолөнер сайысы.

Ал енді сайысымыздың төртінші бөліміне кезек берейік.

Шат көңілді балалар

Шаршағанды білмейді

Алтын күз туралы

Қол өнерін сыйлайды.

Көрейік тамашалап, көрермендер,

Көрсетсін өздері дайындаған қолөнерін. «Қолөнер» бөлімінде

қатысушыларымыз өз шығармашылықтары бойынша дайындап әкелген қолөнерлерін таныстырсын.

(қолөнерлерін көрсетеді)





Жүргізуші: -Балалар қолөнерлерің қандай тамаша! Балалар «Нұршуақ» тобының орындауындағы биге кезек берсек.

Би: «Ламбада»

Жүргізуші:

Білім аққан сел дейді,
Бірақ оңай келмейді.
Ала білсең білім көп,
Ақыл ойға кел дейді
Білім ой мен арымыз,
Рухани ол нәріміз
Сайыскерлер сіздерге,
Қол соғамыз бәріміз!

Күз ханшайымы: -Қымбатты балалар! Бүгін сендердің өнерлерің қатты қуандым. Өндерің де, билерің де бәрі керемет болды. Мен өз патшалығыма қайтатын уақытым келді. Сендерге молшылық, шаттық, жақсы күндер тілеймін. Келесі жылы кездескенше! Қош сау болыңдар, балалар!

Жүргізуші: -Ал, балалар кезекті «Бүлдіршін» тобының биіне берсек.

Би: «Араб биі»

Жүргізуші: -Қатысушылармыз өз тапқырлықтарын, шешендіктерін білдірсе, арайлы алтын күзіміздің жүлделерімен марапаттайық. Ендеше марапаттау рәсімін «Дин-Асыл» балабақшасының әдіскері Усипбекова Камила апайға ұсынсақ.

(марапаттау рәсімі)

Жүргізуші:

Алтын, сары, қызыл, көк,
Алуан-алуан жапырақ
Күзгі бақта күлімдеп,
Көз тартады атырап –дей отырып бүгінгі «Алтын күз» атты ертеңгілігімізді аяқтаймыз. Барлықтарыңызға үлкен рахмет. Кездескенше күн нұрлы болғай!!!

Мексегіңі. Әсем.

Израева

2026ж

A vibrant cartoon illustration of five children with orange hair, all smiling broadly. In the top left, a girl with a pink bow and a pink shirt waves. Next to her, a boy in a teal shirt also waves. In the bottom left, a boy with glasses and a green shirt waves. In the bottom center, a boy in a red shirt smiles. On the right, a girl in a yellow shirt smiles. They are all set against a purple circular backdrop.

2025-2026 жж

Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында, «Адал азамат» бағыты бойынша «Шыншыл бала» тақырыбындағы ұйымдастырылған ашық оқу қызметіне арналған Ашық есік күні

Тақырыбы: «Шыншыл бала»

Бағыты: Біртұтас тәрбие – «Адал азамат»

Мақсаты: Ата-аналарды Біртұтас тәрбие бағдарламасының мазмұнымен таныстыру, балаларға адалдық пен шыншылдықты қалыптастыру жұмысының жүргізілуін көрсету.

Балаларға шыншылдық, адалдық ұғымдарын түсіндіру, дұрыс мінез-құлық қалыптастыру.

Міндеттері:

Ашық оқу қызметі арқылы балалардың адамгершілік құндылықтарды меңгеруін көрсету

Ата-анамен педагог арасындағы ынтымақтастықты нығайту

Тәрбие үдерісінің ашықтығын қамтамасыз ету

«Шыншыл», «адал», «өтірік» сөздерінің мағынасын түсіндіру

Шындықты айтуға, адал болуға тәрбиелеу

Жағымды және жағымсыз әрекеттерді ажырата білуге үйрету

Көрнекіліктері:

Сюжеттік суреттер, смайликтер (күліп/ренжіп тұрған), қуыршақ, жүрекшелер

Оқу қызметінің барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі

Тәрбиеші:

- Балалар, шеңберге тұрайық.
- Бір-бірімізге жылы сөз айтайық.
- Қазақша амандасайық.

Балалар:

- Сәлеметсіз бе!

2. Кіріспе әңгіме

– Құрметті ата-аналар! Бүгін сіздер Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында өткізілетін Ашық есік күніне қош келдіңіздер.

– Бүгінгі ашық оқу қызметінің тақырыбы – «Шыншыл бала».

– Балалар, сендер шыншыл бала дегенді қалай түсінесіңдер?

– Шындық айту жақсы ма?

Тәрбиеші қысқа мысал келтіреді (өтіріксіз, қауіпсіз, жасына сай).

3. Негізгі бөлім

Сөздік жұмыс:

Шыншыл, адал, жақсы, жаман

Ойын: “Дұрыс па, бұрыс па?”

Тәрбиеші жағдайларды айтады:

- Бала ойыншықты сындырып, шындықты айтты. (дұрыс)
- Бала істегенін жасырып қалды. (бұрыс)

Балалар смайлик көтереді.

4. Сергіту сәті

Шындықты біз айтамыз,

Адал болып жүрейік,

Жақсы бала боламыз,

Үлкендерді сыйлайық.

5. Бекіту

– Шыншыл бала қандай болады?

– Сен шындықты айтасың ба?

Балалардың жауаптарын мадақтау.

6. Қорытынды

– Шыншыл бала – адал азамат болады.

Балаларды мадақтау, жүрекше тарату ♥



Мексегіңі. Дәуіс.к.

Түркістан облысы Сарыағаш ауданы Дербісек елді мекені

ЖШС «Алтын-Асыл» өңірлік қоғамдық бірлестігі



б/б

З.Баева

б.жж

Ұйымдастырылған ашық оқу-іс қызметі

«Тәуелсіздік - тұғырым»

МАД «Бүлдіршін» тобы
Тәрбиеші: Шокирова Н



2025-2026жж.

Тәуелсіздік тұғырым

Жүргізуші : -Армысыздар қадірлі қонақтар.Бүгін біз үшін ерекше мереке Республика күні талғамталып отыр.Бүгін біздің Отанымды ерекше еркіндігі тәуелсіздігін білдіретін күн.Республикаға арналған кешімізді ашық деп жариялаймыз.

Көк туым көтерілді бағым жанып
Елтаңбам күллі әлемге танылды анық
Шырқадым ән ұранды бар дауыспен
Арманым ата заңым қабылданып

Қ.Р.Әнұраны

Жүргізуші :

Кезім жоқ Отан десе шалқымаған,
Болса екен жерім тыныш халқым аман.
Туған жер тал бесігім әлдилеген
Отаным нәрін берген алтын адам.
-Балалардың тақпақтарына кезек берсек.

Нұрай:

Балаларымыз бақытты
Мерекені тойлайтын
Республика күніде
Бар жақсыны ойлайтын

Азиза:

Соғып тұрған жүрегім
Республикам киелім,
Республикам жасай бер
Мықты болып тірегің

Хадиша:

Республика күні бұл
Мерекеміз мерейлі
Тақпақ айтып жаттаймыз
Тақылдатып көмейді

Нұрислам:

Арыстандай айбатты
Жолбарыстай қайратты
Аспандағы байрақтың
Қанша жұлдыз жайраттың

Жүргізуші :

Өзегімді ортқа ораған қоғамда,
Өз үйіме өзім өгей боламба
Алшаң басып жүре алмасам алты алаш
Азатығым қадірің де жоқ онда
Саған жету қиын болса қаншалық
Сақтап тұру қиынырақ одан да
Алла берген азатықтың әр сәтті
Аманат қой,маған,саған оғанда

ӘН: «Тәуелсіздік ел ұраны» хор

Жүргізуші:

Республика ұраны

Өрқашан да жыр әнім

Мәңгі балам

Көке шалқы қыраным

-Балалардың жаттаулары:

Алихан:

Республика күнінде

Орнасын бар жақсылық

Азатықтың көк туы

Сыйлай түсін сәттілік

Қарақат:

Республикам бақытым

Мерекке бастайтын

Құтты болсын күн бүгін

Шаттығымды растайтын

Айсұлтан:

Құтты болсын бүгінгі

Республика күні бұл

Әр қазақтың лүпілдер

Жүрегінің үні бұл

Жүргізуші:

Қазақтың мен қазақтың бөлшегімін

Қажетіне өзгенің өлшемінің

Айбарлы елдің ұлымын айтаңбалы

Кейіпкері емеспін ертегінің

Би: (Ханшайым,Сезім,Шұғыла,Айсұлу,Ж.Раяна)

Балалардың тақпақтары:

Нұржігіт:

Республикам асылым

Жанға қуат беретін

Мен балаңмын сен үшін

Маржан сөзді теретін

Айым:

Республикам киелім

Соғып тұрар жүрегім

Республикам жасай бер

Мықты болып тірегің

Би: Өзбек биі: Айзере,Қ.Раяна,Азиза, Амина

Жүргізуші:

Жақсылар жанын қиды қасіретпен

Алаштың ерлері бар асыл өткен

Арным болмас еді туған елім

Гүл жайнап қазақ болып тасып өтсем

Ән:Хормен

Жүргізуші:

Рухынан жақсылардың нұр саулаған

Жанымда мейірімі құр саулаған

Жайсан өлке жайдарлы қазақстан

Шуақ шашқан сәулесі күнсің маған

Балалардың тағары

Мұстафа:

Құттықтаймын қазағым

Республика күнімен

Азаттықтың көк туы

Желбіресін көгінде

Арсен:

Бар жақсылық орналсын

Егеменді елінде

Болмасыншы қайғы мұң

Бар жақсыны тілеймін

Медина:

Егемен елім десем сенім кіріп

Бойымды билеп кетер сенімділік

Жантөре:

Көк байрағым көгімде

Қыран құстай желбіре

Жүргізуші:

Тілдері шешен болатын

Өскенде көсем болатын

Біздің ақылды балаларымыздың биіне кезек береміз

Би: «Флешмоб» (Нұржігіт, Ж.Раяна, Сүндет, Таңат, Аружан, Айсұлу)

Жүргізуші: -Бүгін біз Республика күнін атап өттік. Бұл мереке тәуелсіз еліміздің нышаны. Балалар Қазақстан әрқашан бейбіт, бақытты, берекелі ел болып, көк байрағымыз биікке желбірей берсін!

(балалар қолдарын жоғары көтеріп хормен айтады)

Ән: «Қазақстан жасасын!»



Мексепиңи. Токмок.

Түркістан облысы Сарыағаш ауданы Дербісек елді мекені
ЖШС «Дин-Асыл» бөбекжай балабақшасы



«Дин-Асыл» бөбекжай
балабақшасының
тәрбиешісі
Н.Оразбаева

Тәрбие сағаты

«1-Қыркүйек Білім күні»

МАД «Бүлдіршін» тобы
Тәрбиеші: Шокирова Н



2025-2026жж

1-Қыркүйек Білім күні

Тәрбиеші:-Балалар күз айының 1-ші күні,яғни 1-Қыркүйек күні-«Білім күні» деп аталады.Сендер алғаш рет балабақша табалдырығын аттап,білім алсаңдар,екінші кезекте мектеп табалдырығын аттап,азамат,азаматша болып өсесіңдер. «Оқу – білім азығы» деп айтылғандай оқу бар жерде,білім де бар,ол екеуі бірге жүреді.

Көрнекілік-құралдар:Қазақстан Республикасының рәміздері,үлгі суреттер т.б.

Әдіс-тәсілдер: Көрнекілік,сөздік,сұрақ-жауап т.б.

Жүргізуші:

Естігенде көк аспанның астында

Тік тұрыңдар айтылғанда әнұран.

(мемлекеттік әнұранды орындау)

Тәрбиеші:-Балалар шаттық шеңберін орындап алайықшы.

Балалар:

Жаңа қадам жасадым

Қош болып тұр бесігім

Мен қуанып ашамын

Балабақша есігін.

Тәрбиеші:-Құрметті тәрбиешілер,қымбатты балалар және барша Қазақстандықтар!Сіздерді бүгінгі жарқын да қуанышты,айтулы мереке-«Білім күнімен» құттықтаймын.Балалар бүгін бізде ерекше күн,бүгінгі оқу іс-әрекетіміз біздің білім күніне сәйкес келіп тұр.1-Қыркүйек күні барлық балабақшаларда,мектептерде басқа да білім беру мекемелерінде сабақтар басталады.Осы тұңғыш қоңыраудан бастап күнделікті оқу басталады.Балалар жақсы білімді, тәрбиелі азамат болу үшін,ерінбей оқу оқып,білім алу керек.Ол үшін сендер балабақшаға күнде келіп,сабақ оқып,тәрбие алу керексіңдер.Балалар Қ.Р.-ның рәміздерін білемізбе?

Балалар:-Ия білеміз

Тәрбиеші:-Дұрыс айтасыңдар,елтаңба,әнұран,туымыз.Ал біз қай Республикада өмір сүреміз?

Балалар:-Біз Қазақстан Республикасында өмір сүреміз.

Тәрбиеші:-Өте дұрыс.Қ.Р. президенті кім?

Балалар:-Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев.

Тәрбиеші:-Өте жақсы.Біздің Қ.Р. елордасы қай қала?

Балалар:-Дұрыс айтасыңдар,біздің бас қаламыз Астана қаласы.

Тәрбиеші:-Айтыңдаршы балалар,біз қай ауылда туып,өмір сүріп жатырмыз?

Балалар:-Сарыағаш ауданы,Дербісек ауылында туып,өмір сүріп жатырмыз.

Тәрбиеші:-Балалар біздің балабақшамыздың аты қалай?

Балалар:-«Дин-Асыл» балабақшасы

Тәрбиеші:-Өте жақсы балалар,сендер өздеріңнің қай мемлекетте өмір сүретіндеріңді,оның елордасы,рәміздері жайлы барлығын білесіңдер.Ал

ендеше біз бүгінгі мерекеге арналған тапқатарымызбен оқу іс-әрекетімізді жалғастырайық.

Айым:

Жымындап күз келді
Күліңіз сіз де енді
Бірінші қыркүйек
Қарсы алшы біздерді

М.Раяна:

Қоңырау үнін естіп ап
Күлімдейміз шаттанып
Жаңа оқу басталды
Қуанышқа бөлейді.

Б.Раяна:

Қолда қалам, дәптер бар
Үйренетін уақыттар
Білім күні басталды
Көп нәрсені жаттап ал

Қарақат:

Жаңа оқу жылы басталды
Бәрімізді шаттық басты
Білім күні құтты болсын
Күндерің тек шуақ шашсын.

Тәрбиеші:-Балалар барлығымыз бірге сергіту сәтін жасап алайықшы.

Сергіту сәті:

Күндей болып күлеміз
Гүлдей болып өсеміз
Құстай болып ұшамыз
Көбелектей қонамыз.

Тәрбиеші:-Балалар оқу, білім туралы мақал-мәтелдер білеміз бе?

Балалар:-Ия

Таңат:

Кітап-білім бұлағы
Білім-өмір шырағы.

Хан-Сұлтан:

Оқы да біл
Ойна да күл.

Тәрбиеші:

Шырылдаған тыным таппай
Қоңыраудың үні қандай
Мақсатына жете ме адам
Оқу оқып, білім алмай?
Ғылымның көп тас қамалы
Ғаламдық та асқарлы
Бар білімнің нұр бастауы
Балабақшадан басталады.

Тәрбиеші: - Міне, балалар осы күннен бастап бізде күнделікті оқу іс-әрекетіміздің қызықты да көп нәрсеге үйренетін күндеріміз басталады. Әрқашан бүгінгідей жақсы көңілмен барлығын үйренеміз. Бүгінгі оқу іс-әрекетіне белсене қатысқандарың үшін көп рахмет! Баршаңызды бүгінгі Білім күнімен және жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймын. Сіздерге бүгінгі ерекше, жайма шуақ күні жақсы көңіл-күй, жаңа жетістіктер мен ұдайы ізденіс, шығармашылық, мықты денсаулық және жаңа бастамаларда тек қана сәттілік тілеймін. Бүгінгі 1-ші қыркүйек Білім күніне арналған оқу іс-әрекетіміз аяқталды. Сау болыңыздар!





Мексепіңізі: Тәсілбек.

Түркістан облысы Сарыағаш ауданы Дербісек елді мекені
ЖШС «Дин-Асыл» бөбекжай балабақшасы



Директор ЦС «Дуу-Асыл» Бөбекжай
Бактыгасын мөңгүлушісі
Т.Разбаева

Ертеңгілік
«16-Желтоқсан-Тәуелсіздік күні»

МАД «Бүлдіршін»тобы
Тәрбиеші: Шокирова Н



2025-2026жж

16-Желтоқсан Тәуелсіздік күні!

Мақсаты: Балаларға тәуелсіз мемлекет туралы терең мағлұмат беру, балалардың Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттыру, өз ана тілін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін сақтай білуге, патриоттық сезімге тәрбиелеу. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері ; Елтаңба, Ту, Әнұран туралы білімдерін қалыптастыру. Отан туралы тақпақ, мақал-мәтелдерді жатқа айтуға үйрету.

Жүргізуші: -Сәлеметсіздерме құрметті қонақтар! Бүгінгі біздің «16-Желтоқсан Тәуелсіздік күні!» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер. Тәуелсіз ел болу дегеніміз өзіңнің өзгелермен тең екендігіңді сезіну және ана тілінде емін-еркін сөйлеу.

Барша халық таныған

Біздің үміт тілекті

Шырқалғанда әнұран

Шаттық кернер жүректі.

Қ.Р.Гимні орындалады.



Жүргізуші:

Тәуелсіздік-менің байтақ Отаным

Бір өзіңсің Мұхтар, Абай, Шоқаным

Тәуелсіздік-сәбилердің шаттығы
Тәуелсіздік,тәуелсіздік-жыр әнім.

-Балалар біздің Отанымыз қалай аталады?

Балалар:-Қазақстан Республикасы

Жүргізуші:-Қазақстан қандай мемлекет?

Балалар: -Қазақстан тәуелсіз,егеменді мемлекет.

Жүргізуші: -Балалар,бүгін міне осы Тәуелсіздік мерекесі күні.Біздің президентіміз кім?

Балалар: -Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев атамыз.

Жүргізуші: -Еліміздің елордасы қай қала?

Балалар: -Астана

Жүргізуші: -Ал,балалар сендер рәміздерді атап бере аласыңдарма?

Балалар: -Ия,Елтаңба,Ту,Гимн.

Жүргізуші: -Тамаша балалар,жарайсыңдар!Ал ендеше кезекті «Балбөбек» тобының балаларының тақпақтарына берейік.



Ақниет:

Құтты болсын тәуелсіздік мерекесі
Мықты болсын еліміздің керегесі
Тату-тәтті бұл халқымыз әрқашанда
Кетпесін туған жердің берекесі.

Ругайя:

Отан деп соққан жүрегім
Тәуелсіздік тірегім
Қазақстан ұраны
Біз болашақ ұланы!

Аруна:

Отан-деген атамекен
Отан-деген туған жер
Отан-ана,Отан-үлкен
Қазақстан-туған ел.

Ерсункар:

16-Желтоқсан
Тәуелсіздік алған күн
Мерекеде ел қуанып
Шаттанып ән салған күн.

Амира:

16-Желтоқсан
Тәуелсіздік алған күн
Ерекше боп мәңгілік
Ел жадында қалған күн.

Адемі:

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты
Қырандай күшті қанатты
Мен жастарға сенемін.

Жүргізуші: -Керемет балалар!Ал ортада «Айгөлек» тобының қыздары.

Би: «Қазақ биі»



Жүргізуші:

Атыңнан айналайын егемен ел
Тәуелсіз күнің туды,кенеле бер
Мерейің құтты болсын Тәуелсіздік
Ғасырдың тойы болшы келе берер.
-Келесі өлең шумақтарын «Маржан» тобының балапандарына берсек.



Нуриман:

Көк аспандай тулайтын
Желтоқсанның күні бұл
Елім деген ұлдардың
Елжірейтін күні бұл

Инжу:

Елтаңбасы елімнің
Неткен айбат әдемі
Тұнығындай көңілдің
Ортада аспан әлемі

Дамир:

Өзімдікі туымда
Отпен ауа суымда
Жаса Қазақстаным
Белді бекем буында

Жансерік:

Мерекеге шығады
Бүкіл халық біліп қой
Отандастар ұғады
Тәуелсіздік ұлы той.

Асылжан:

Отан-ана, Отан-үлкен
Қазақстан туған ел!

Жүргізуші: -Тамаша жарайсындар! Ал енді «Бүлдіршін» тобының
бүлдіршіндері өз тапқатарын орындап берсе екен.



Б.Раяна:

Егемендік еліміздің шырағы
Мәңгілікке қолымызда тұрады
Ал бүгінгі кіп-кішкентай бүлдіршін
Ертеңгі күн ел қорғауға тұрады

Айсұлтан:

Әрбір қазақ баласы
Ұмытпасын жаттасын
Әнұранды құрметтеп
Келер ұрпаққа сақтасын

Айым:

Біз тәуелсіз елдеміз
Ел деп соғар кеудеміз
Бүгінгі мынау бөбектер
Болашаққа сенеміз

Нұржігіт:

Көк туымды қолыма
Бүгін берік ұстадым
Түсті бақыт жолыма
Менің Қазақстаным!

Мухамеджан:

Ата-бабам қорғаған
Отаныммен мақтанам
Өсіп келем жігіт боп
Ата салтын сақтаған

Жүргізуші:

Тәуелсіздік-тартуы ол тәңірдің
Тәуелсіздік-маңдайдағы бағым бұл

Тәуелсіздік-сыбағасы халқымның
Тәуелсіздік-таймайтұғын тағым бұл.
-Ендігі кезекті «Бүлдіршін» тобының биіне берсек.

Би: «Қамажай»



Жүргізуші:

Бақытым Республикам Қазақстан
Көгінде ақ көгершін,қаздар ұшқан
Соған жетпес құшағы әлемнің де
Қыс болса бір шетінде жаз ауысқан.
-Келесі «Нұршуақ» тобының өлең шумақтарына берсек.

Айзере:

Тәуелсіздік таңы атты
Барлық әлем жаңарып
Осы тұрған халқыма
Бейбітшілік орнады.

Жалғас:

Тәуелсіздік еліміз
Мәңгі жасар жеріміз
Тәуелсіздік жасаған
Аға,әпкелеріміз.

Асылым:

Жасай бер елім,қазағым
Еселеніп ғажабың
Отыз жылдығың құтты боп
Кіре берсін ажарың.

Жансая:

Отаным,Қазақстан
Құтты болсын мерекең
Тәуелсіз елміз отыз жыл
Арта берсін берекең.

Жүргізуші: -Жарайсыңдар,балалар!

Рәміздерім елдігімнің белгісі

Білу керек баладағы ең кіші

Әнұран,Ту,Елтаңба

Рәміздерді жатқа білсін әр кісі.

-Балалар,барлығымыз бірге «Көк тудың желбірегені»атты әнді орындап алсақ.

Ән: «Көк тудың желбірегені»



Жүргізуші: -Тамаша,жарайсыңдар балалар!Құрметті қонақтар,Тәуелсіздік мерекесі құтты болсын!Еліміз аман,жұртымыз тыныш болсын!Бүгінгі «16-Желтоқсан Тәуелсіздік күні!» атты ертеңгілігіміз аяқталды.Сау саламат болыңыздар!

Мексепіңді. Тәуелсіз.

Түркістан облысы Сарыағаш ауданы Дербісек елді мекені
ЖШС «Дин-Асыл» бөбекжай балабақшасы



Бекітемін:
ЖШС «Дин-Асыл» бөбекжай
балабақшасының тегінгерушісі
А.А. Ахметжанов
2025ж

Ертеңгілік «АЛТЫН КҮЗ»

Ортаңғы «Көгершін»тобы
Ортаңғы «Балдәурен»тобы
Ортаңғы «Ертарғын» тобы
Ортаңғы «Бөбек» тобы



2025-2026жж

АЛТЫН КҮЗ.

Мақсаты: Күз мезгілінің өзгерістерін ұғындыру, мерекелік көңіл-күй орнату. Балаларды ән айтуға, би билеуге деген ынталарын арттыру.

Жүргізуші:

Қарсы алайық бәріміз
Жасымызбен кәріміз
Қырдан кепті қыдырып
Алтын күз бізге нұр беріп

Жүргізуші: -Армысыздар құрметті ұстаздар, ата-аналар, «Дин-Асыл» балабақшасының бүлдіршіндері! Бүгінгі күз мезгіліндегі ең тамаша «Алтын күз» атты күзгі ертеңгілігімізге қош келдіңіздер! Берекелді, мерекелі алтын күз құтты болсын! Қасиетті күз мезгілінің бір сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Ел байлығын арттырған, сары алтындай, сары күз бізге дәмді жемістерін, қамбаға толы астығын сыйлады. Күз дегеніміз- байлық, молшылық. Ендеше «Алтын күз» атты ертеңгілігімізді бастаймыз.

Жүргізуші:

Алтын күз, жаңбырлы күз,
Жомарт күз, суығына шыдайтын
Сұлулығына көз тоймайтын
Алтын күздің тойында.

Балалар хормен:

Шаршауды білмейміз
Көңілді би билейміз
Әсем сазды ән салып
Би билеуге дайынбыз.

Жүргізуші: -Ал ортаға «Алтын күз» атты сайысымызға қатысатын Ханшайымдар мен Ханзадаларды шақырамыз.

«Көгершін» тобынан:

1. Досан Ханшайым
2. Қанат Мұстафа

«Балдәурен» тобынан:

1. Турдалы Ақерке
2. Гамидов Вахид

«Ертарғын» тобынан:

1. Мырзабай Аякөз
2. Ерділлә Кемел

«Бөбек» тобынан:

1. Салманова Мине
2. Насибов Эльман

Жүргізуші: - Керемет қандай әдемі балалар! Балалар жайғаса қойыңдар.

Жапқандай жапырағымен айналаны
Қуантып байлығымен халқымды
Бір қуантып қайту үшін біздерді
Сабырлы, сары алтын күз келді.

(Күз ханшайымы кіріп келеді)

Күз Ханшайымы: -Сәлеметсіңдерме балалар! Мен Күз Ханшайымы боламын.

Сары жапырақ желмен ұшып
Тәтті жемістер пісіп,
Сендерге қуаныш сыйлауға келдім!
Қандай әдемісіңдер!
Киімдерің де керемет!

-Бүгін мен сендердің өнерлеріңді тамашалауға келдім.

Жүргізуші: -Сәлеметсізбе Күз ханшайымы ,келіңіз,төрлетіңіз!Біздің өнерлі балаларымыздың өнерлерін тамашалаңыз.Ал балалар өнерімізді көрсетуге дайынбыз ба?

Балалар: -Ия дайынбыз.

Жүргізуші: -Нағыз сары алтындай сары күз-қыркүйек айы. Ол-еңбек айы. Күз маусымының екінші айы – қазан. Бұл ай – мереке басы, өйткені дихандар сабантой жасайды. Күздің соңғы айы-қараша. Қараша десе дегендей, айнала теп-тегіс сары алтын.

Ал енді бүгінгі сайыстың шарттарымен таныстырып өтейін.

Шарттары:

1. Таныстыру (балалар өздерін таныстырады)
2. Өнер сайысы (өз өнерлерін көрсетеді)
3. Күз мезгіліне байланысты қолөнері (дайындаған қолөнерлерін таныстыру)
4. Сән үлгісі (күз мезгіліне дайындаған киім үлгілерін көрсетеді)

Жүргізуші:

Қош келдіңіз көрермен,
«Алтын күз» сын-кешіне
Отырыңыз қол соғып,
Шат күлкіге бөлене.
Көбейді құт-береке,
Астық толы қоймамыз
Құтты болсын мереке,
«Алтын күзді» тойлаймыз.

Жүргізуші: -Тамаша,балалар!Ендеше, құрметті көрермендер қатысушыларымызға сәттілік тілей отырып, «Алтын күз» атты сайысымыздың бірінші бөліміне кезек берейік. Қол соғып қошеметтеп қарсы алыңыздар біздің сұлу да сүйкімді Ханшайымдарымыз бен салмақты да сымбатты Ханзадаларымыз өздерін таныстырсын.

I- бөлім. Таныстыру.

Күз келіп, Хан мен Ханшайым
Өткізді күзгі бал айын
Ханшайым тапқыр қыз болды,
Ағызар сөйлеп сөз майын
Ал Ханзадамыз ақылды,
Барша жұртты шақырды
Қуаныштан шалқыды.
(балалар өздерін таныстырады)

Жүргізуші: -Ханшайымдарымыз бен Ханзадаларымызды танып білсек кезекті «Ертарғын» тобының бүлдіршіндерінің биіне берсек.

Би: «Өзбек биі»

Жүргізуші: -Сайысымыздың екінші бөліміне кезек берейік. Қазақ өнер десе ішкен асын жерге қоятын халық қой.

II - бөлім. Өнер сайысы.

Көңілді біз баламыз

Шырқап әнге саламыз

Ортада біз би билеп

Көңілімізді көтеріп аламыз.

(өз өнерлерін көрсетеді)

Жүргізуші: -Ал өнерлерімізді тамашалап алсақ,«Көгершін» тобының биіне кезек берсек.

Би: «Барби биі»

Жүргізуші: -Жарайсыңдар,балалар! Кезекті «Қолөнер» сайысына берсек.

III - бөлім. Қолөнер сайысы.

Шат көңілді балалар

Шаршағанды білмейді

Алтын күз туралы

Қол өнерін сыйлайды.

Көрейік тамашалап, көрермендер,

Көрсетсін өздері дайындаған қолөнерін. «Қолөнер» бөлімінде

қатысушыларымыз өз шығармашылықтары бойынша дайындап әкелген қолөнерлерін таныстырсын.

(қолөнерлерін көрсетеді)

Жүргізуші: -Балаларымыздың сән киімдері өте керемет болыпты.Балалар «Бөбек»тобының баларының өнеріне кезек берсек.

Би: «Ламбада биі»

Жүргізуші: -Тамаша жарайсыңдар! Ал енді келесі сайысымыз сән үлгісі.Көріп тамашалайық.

IV – бөлім. Сән үлгісі.

Бүгінгі кеш өтіп жатыр өз мәнімен,

Әр сұлу әсем болар өз жанымен

Өз қолынан шығарған киім үлгісін

Сіздерге көрсетеді өз сәнімен.

Қатысушыларымыз өз шығармашылықтарымен жасаған киім үлгілерін көрсетеді.Олай болса, қол соғып қошеметтеп отырайық.

(ортада өз киім үлгілерін көрсетеді)

Жүргізуші: -Балалар қолөнерлерің қандай тамаша! Балалар «Балдәурен» тобының орындауындағы биге кезек берсек.

Би: «Парижге саяхат»

Жүргізуші:

Білім аққан сел дейді,

Бірақ оңай келмейді.

Ала білсең білім көп,

Ақыл ойға кел дейді

Білім ой мен арымыз,
Рухани ол нәріміз
Сайыскерлер сіздерге,
Қол соғамыз бәріміз!

Күз ханшайымы: -Қымбатты балалар! Бүгін сендердің өнерлерің қатты қуандым.Өндерің де,билерің де бәрі керемет болды.Мен өз патшалығыма қайтатын уақытым келді.Сендерге молшылық,шаттық,жақсы күндер тілеймін.Келесі жылы кездескенше!Қош сау болыңдар,балалар!

Жүргізуші: -Қатысушылармыз өз тапқырлықтарын, шешендіктерін білдірсе, арайлы алтын күзіміздің жүлделерімен марапаттайық. Ендеше марапаттау рәсімін «Дин-Асыл» балабақшасының әдіскері Усипбекова Камила апайға ұсынсақ.

(марапаттау рәсімі)

Жүргізуші:

Алтын,сары,қызыл,көк,

Алуан-алуан жапырақ

Күзгі бакта күлімдеп,

Көз тартады атырап –дей отырып бүгінгі «Алтын күз» атты ертеңгілігімізді аяқтаймыз.Барлықтарыңызға үлкен рахмет. Кездескенше күн нұрлы болғай!!!

Мексеріңді. Асылбек.

Түркістан облысы Сарыағаш ауданы Дербісек елді мекені
ЖШС «Дин-Асыл» бөбекжай балабақшасы



Ұйымдастырылған ашық оқу іс-әрекеті «Көкөністер мен жемістер»

Ортаңғы «Көгершін» тобы
Тәрбиеші: Ақбаева Б.



2025-2026жж

Көкөністер мен жемістер

Мақсаты: Көкөністер мен жемістерге түсінік беру. Оларды ажырата білуге үйрету. Ойын есте сақтау қабілетін, дүние танымын дамыту. Балалардың жеміс ағаштарын қорғап оларға қамқор болуына ықпал ету үшін тәрбиелік әңгімелер жүргізу.

Әдіс тәсілдері: Сұрақ жауап түсіндіру көрсету, ойын.

Көрнекілігі: ойын , слайд, суреттер, үлестірмелі материал.

Амандасу сәті:

Сәлеметсіздерме апайлар!

Бақшамызға барамыз,

Досымызды табамыз.

Сәлеметпе, міне мен,

Доспын енді сенімен.

Тәрбиеші: -Қазір жылдың қай мезгілі?

Балалар: -Күз мезгілі

Тәрбиеші: -Суретке қарап, күзде қандай өзгерістер болады екен, айтып беріңдерші?

Балалар: -Жапырақтар сарғайды, күн суыта бастайды.

Тәрбиеші: -Жие-жие не жауады?

Балалар: -Жаңбыр

Тәрбиеші: -Күз туралы кім тақпақ айтып береді?

Нұрислам:

Күз келді, күз келді,

Жапырақтар түсті енді.

Алтын сары жапырақ,

Жерге төгіп түсті көп.

Дарын:

Күз келді де, бақ толды,

Қызыл алма пісіп тұр.

Алмұрт, өрік, жүзімдер,

Балдай тәтті түсіп тұр.

Ханшайым:

Күз-береке, күз-ырыс,

Қамбамызға астық түс.

Қызанақ пен сәбіз де,

Бәрі пісті дәл күзде!

Сезім:

Күз келді, жерге нұр төкті,

Жапырақтар сарғайып, көкті.

Алма, өрік, алмұрт пісіп,

Бақшамызда толып кетті.

Тәрбиеші: -Мен сендерге жұмбақ жасырамын.Жұмбақтардың шешуі бүгінгі тақырыбымыз болмақ,дайынсыңдарма?

1.Бұтақта ілініп тұрамын,
Піскенде себетке құладым.

Балалар: -Жеміс

2.Үлкендігі алмадай,сырты жанған қызыл от,
Ішін ашып қарасаң,
Майда майда қызыл шоқ.

Балалар: -Анар

3.Қалың киім ұнатады,
Шешіндірсең жылатады.

Балалар: -Пияз

Тәрбиеші: -Сонымен балалар бүгінгі оқу іс әрекетіміздің тақырыбы:

«Көкөністер мен жемістер» жайлы әңгімелейміз.

Жемістер бақшада ,ағашта ,ал көкөністер бақта өседі.

Көкөністер мен жемістерді қарайтын адамды бағбан дейміз.

Жемістерге:алма,жүзім,өрік,шие.

Көкөністерге:Картоп,пияз,сәбіз,қияр,қызанақ т.б жатады

Жемістермен көкөністердің құрамында көптеген дәрумендер бар.

Олардың әрқайсысының адам ағзасына пайдасы ұшан теңіз.

Жалпы жемістер мен көкөністер біріншіден дәрумен берсе,екіншіден тағам ретінде,ал үшіншіден дастарқанға сән ретінде қоя аламыз.

Балалар енді «сиқырлы қапшық» деген ойын ойнайық.

Ойын: «Сиқырлы қапшық»

Шарты:қолына алады пішінін,дәмін,түсін,қолдануын айтады.

Көкөністер мен жемістер туралы тақпақтарын айту.

Тәрбиеші: -Бүгінгі оқу іс әрекетімізді қорыта келе жемістер мен көкөністерді бөлек алып қоюымыз керек.

(балалар жемістер мен көкөністерді бөлек ажыратып қояды)

Тәрбиеші: -Сонымен бүгін біз не өттік?

Балалар: -Көкөністер мен жемістер туралы.

Тәрбиеші: -Олардың бізге пайдасы барма? Құрамында не бар екен?

Балалар: -Ия бар,құрамында көптеген дәрумендер бар.

Тәрбиеші: -Дұрыс айтасыңдар.Жемістер мен көкөністерді жумай жеуге болама?

Балалар: -Жоқ,ішіміз ауырады

Тәрбиеші: -Барлықтарың дұрыс жауап бердіңдер,Ойынды да жақсы ойнадыңдар.Мен сендерді дұрыс жауап бергендерің үшін мадақтайын.





2025-2026жж.

Мексепинги: Давид К.

Түркістан облысы Сарыағаш ауданы Дербісек елді мекені
ЖШС «Дин-Асыл» бөбекжай балабақшасы



жігіттері
«Дин-Асыл» б/б
А. Н. Ақбаева
2025-2026жж

Ұйымдастырылған ашық оқу іс-әрекеті

«Ас атасы –нан»

Ортаңғы «Көгершін» тобы
Тәрбиеші: Ақбаева Б.



2025-2026жж

«Ас-атасы нан»

Мақсаты: Балаларды диханшылардың көктем мезгілінде еңбегімен таныстыру, дайын дастарханға қандай жолмен келетінін мазмұнды суреттер, ертегі сахналау арқылы ой қиялын дамыту.

Дамытушылық мақсаты: Балалардың ақыл ой белсенділігін арттыру. Өлең мақал-мәтелдер арқылы тіл байлығын арттыру жетілдіру.

Тәрбиелік мақсаты: Берілген тапсырманы орындауға, еңбекқорлыққа тәрбиелеу, нақыл сөздердің тәрбиелік мәнін түсінуге талпындыру.

Білімділігі: Дәндерді қолдарымен ұстатып, топыраққа егу арқылы еңбекті өздеріне орындатып қолмашықтарын жетілдіру. Еңбектерінің жемісін көрсету. Жаңа сөздер: Наубайхана, диірменг, комбайн, дихан.

Тәрбиеші: -Сәлеметсіздерме балалар.

Балалар бүгін бізде ерекше күн бізге бүгін көптеген қонақтар келіп отыр олай болса орнымыздан тұрып қонақтармен сәлемдесіп алайық.

(Сәлемдеседі)

Үлкенге де сіз

Кішіге сіз

Қонақтарға бас иіп

Сәлем бердік біз

-Жарайсындар балалар, орнымызға отырамыз.

Балалар сендер қандай ертегіні білесіндер

Балалар: - Бауырсақ ертегісі

Тәрбиеші: - Ертегіні қысқаша Мұхаммед, Айбатыр,

Амина, Бекет, Медина, Сезімнің көмектерімен мазмұндау жасасақ. Ертегіде қандай кейіпкерлер бар?

Балалар: -Ата, әже, бауырсақ, қоян, қасқыр, аю, түлкі

Тәрбиеші: -Ертегі соңында бауырсақты не жеп қояды?

Ғажайып сәт.

(музыка ырғағымен әже кіріп келеді)

Әже: -Сәлеметсіздерме балақайлар! Балалар жаңа сендер менің бауырсағым жайлы айтып жатқан ба едіңдер, мен сол бауырсақты іздеп шықтым, көрмедіңдер ма? Бауырсақты не жеп кетті?

Әже: -Ойбуй менің бауырсағымды түлкі жеп қойыпты, енді не істеймін оны аталарыңа пісіріп қойған едім.

Тәрбиеші: -Әже сіз ренжімеңіз. Біздің балалар сізге бауырсақ жасап көмектеседі. Көмектесеміз бе әжеге?

Балалар: - Иә

(әже отырады)



Тәрбиеші: -Көктем мезгілінде егіс алқаптарында көктемгі егіс жұмыстары басталады.Жер жыртылып егін егіледі.Күзде егін орылып қамбаға құйылады қамбадан диірменге жеткізіледі.Диірменен ұн пайда болады.Дайын ұнымыз наубайханаларға жеткізіледі.Осылайша бізге нанымыз кезең кезеңнен өтіп келеді екен. Енді балалар нан туралы мақал-мәтел айтайық.

Мұстафа:

Жақсылап жыртып жерінді,
Кезінде ексең егінді

Адина:

Аларсың мол өнімді
Арпа бидай ас екен
Ерсұлтан:
Еңбекпен тапқан нан тәтті

Ерасыл:

Ексең егін,ішерсің тегін

Тәрбиеші: -Ал балалар тыйым сөздер білеміз бе?

Дарын:

Нанды шашуға,жерге тастауға,басуға болмайды.

Жантөре:

Нанды төңкеріп қойуға болмайды

Сергіту сәті:

Нан қоқымын шашпаңдар
Жерде жатса баспаңдар
Теріп алып қастерлеп
Торғайларға тастаңдар

Тәрбиеші: -Балалар сендер нанның дастарханға қандай еңбекпен келетінін білдіңдер. Енді әженің тапсырмасын орындаймыз.Ол үшін екі топпен жұмыс жасаймыз.Егіншілер тобында бидайдың суретін бояймыз.Наубайханашылар тобында дайын қамырдан бауырсақ дайындаймыз.
(жұмыс барысын түсіндіру,көрсету дұрыс орындауларын қадағалау)

Тәрбиеші: -Кім қандай жұмыс жасады?

Қорытындылау:Балалар біз бүгін ненің қасиетімен таныстық?Нан туралы әңгімелеу.Әжеге дайындаған бауырсақты беру .Нанның қандай қиындықтар мен келетінін,нанды құрметтеуді түсінді.

Мадақтау: Бағалау. Балаларға бауырсақ тарату.





Мексепіңізі. Тәуірік.

Түркістан облысы Сарыағаш ауданы Дербісек елді мекені
ЖШС «Дин-Асыл» бөбекжай балабақшасы



Ұйымдастырылған ашық есік күні
Біртұтас тәрбие бағытында
Адал азамат
«Адалдық – адамзаттың белгісі»

Ортаңғы «Көгершін» тобы
Тәрбиеші: Ақбаева Б.



2025-2026жж.

Ашық есік күні

Тақырыбы: «Адалдық-адамзаттың белгісі»

Өтілген уақыты: 10.12.2025ж

Мақсаты:

Балалардың бойына адалдық, сыйластық, еңбекқорлық, отансүйгіштік қасиеттерді сіңіру, ата-ана мен балабақша ынтымақтастығын нығайту.

Қатысушылар:

Тәрбиешілер, балалар, ата-аналар, балабақша әкімшілігі.

Безендіру:

- «Адалдық – адамдықтың белгісі»
- «Тәрбие – тал бесіктен»
- Мемлекеттік рәміздер, ұлттық нақыштағы бұйымдар

Кіріспе бөлім

Тәрбиеші:

-Құрметті ата-аналар, қадірлі қонақтар!

Бүгінгі “Адал азамат – біртұтас тәрбие” атты ашық есік күніне қош келдіңіздер!

Бала тәрбиесі – отбасы мен балабақшаның ортақ міндеті. Бүгін біз сіздерге тәрбие жұмысымызды көрсетеміз.

Балалардың көрінісі

Тақпақтар

Ерсұлтан:

Адал болу – адамдық,
Шындық айтсам жарамды.
Тәртіп сақтап әрдайым,
Үлкендерді сыйлаймын.

Нұрислам:

Отанымды сүйемін,
Елімді мен қорғаймын.
Ата-ана, ұстазды
Әрқашанда тыңдаймын.

Музыкалық бөлім

Ән: «Достық», «Біз бақытты баламыз»

Би: Қазақтың ұлттық биі

Тәрбие сағаты (шағын көрініс)

Көрініс: «Адалдық – асыл қасиет»

(Бір бала ойыншықты тауып алады)

Бала:

– Бұл менікі емес, иесін табу керек.

Тәрбиеші:

– Дұрыс айтасың, адал болу – жақсы қасиет.

(Балалар қол шапалақтайды)

Ата-аналармен жұмыс

Сұрақ-жауап:

Сұрақ: Балаға адалдықты қалай үйретеміз?

Жауап бергендер: Серикбаева Лаззат

Құрманбай Балжан

Тайсалова Жазира

Сұрақ: Отбасындағы тәрбие үлгісі қандай болуы керек?

Нұсқабек Динара

Жүнісова Жанна

Ойын: Ата аналар ойыны «Жақсы мен жаманды ажырат».

Қорытынды

Жүргізуші:

Адал азамат – ел болашағы.

Тәрбие – біртұтас болса ғана нәтиже береді.

Балаларымыз адал, саналы, тәрбиелі болып өссін!

Барлығы бірге:

«Біз адал азамат боламыз!»



Memeringi. Darsak.

Түркістан облысы Сарыағаш ауданы Дербісек елді мекені

ЖШС «Дин-Асыл» бөбекжай балабақшасы



Тәуелсіздік күні

«Көгершін» тобы

Тәрбиеші: Ақбаева Б.



2024-2025 ж

Тәуелсіздік күні!

Мақсаты: Балалардың өздерінің туған жеріне деген сүйіспеншілігін ояту, өз елінің патриоты болуға, ел егемендігін сақтай білуге, елінің кірпіші болып қалануға баулу. Тәуелсіздік күні туралы мағлұмат беру.

Тәрбиелік мәні:

Өз ұлтының тарихын, әдет – ғұрпын, салт – дәстүрін білу, ұлтының намысын қорғай білетін, намысты қолдан бермейтін елінің адал ұл-қызы болу..

Әдіс-тәсілдер: сұрақ-жауап, әңгімелесу, көрнекілік, мақал-мәтел

Көрнекіліктер: Президент, Астанаға байланысты суреттер, буклет

Сабақтың барысы: 1. Ұйымдастыру барысы.

Шаттық шеңбер: Әнұран
орындау.

2.Негізгі бөлім:

Көрнекілікпен жұмыс.

Тәрбиеші: Бүгін тәуелсіздікке қол жеткен егеменді елміз. Бұл бізге оңайлықпен келген жоқ. Тамыры тереңде жатқан тарихи оқиғалардың нәтижесінде қол жеткізіп отырмыз. Ата – бабаларымыздың ұрпағын, елім, жерім, отаным деп кеткен арманына қол жеткізіп отырмыз. Балалар бір сәтке назарларыңызды экранға аударсақ. (Слайд бойынша түсіндіру) (10-15 мин)

Сұрақ-жауап:

-Балалар, біздің тәуелсіз мемлекетіміз қалай аталады?

-Қ.Р. Призиденті кім?

-Қ.Р астанасы қай қала?

-Мемлекеттік рәміздерімізге нелер жатады?

Тәрбиеші: Ал балалар сендер біздің елдің рәміздерін білесіңдер ме?

Балалар: Олар ту, әнұран, елтаңба.

Тәрбиеші: Тудың түсі көгілдір, ол аспанымыз ашық болсын дегенді білдіреді. Күннің бейнесін қараңдаршы – күннің сәулелері біздің еліміздегі ұлттар саны. Біздің елімізде жүз отыз ұлт бар екен. Осы күн – 100 ді білдіреді, ал сәулелері отыз екен.

Қыранның бейнесі – еліміз әрқашан биікте самғасын, биіктен көрінсін деген. Және туымыздың жанында оюлар бар. Бұл оюлар тудың қазақ елінің туы екенін білдіреді.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар, балалар! Ал қазір тәуелсіздік мерекесіне арналған тақпақтарымен ортаға бүлдіршіндерімізді шақырамыз.

Енді балалар Елтаңбамызға қараңдар. Елтаңбаның ортасында не тұр?

Балалар: Шаңырақ!

Тәрбиеші: Дұрыс! Балалар шаңырақ біздің елтаңбамыздың жүрегі. Шаңырақ- үйдің,отбасының бейнесін білдіреді. Тағы да не бар?

Балалар: Ат бар!

Тәрбиеші: Дұрыс, қанатты ат бар. Атты біздің ата-әжелеріміз ер-азаматтың қанаты деген. Төбесінде жұлдыз бар. Ол – біздің еліміз әрқашанда биіктен көрінсін деген ойды білдіреді. Ал астындағы «Қазақстан» деген жазу Елтаңбаның біздің елдікі екенін білдіреді.

Елбасының суретін көрсету.

Қалай ойлайсыңдар, Елбасының міндетіне не кіреді?

Президент болуға кім лайық?

Елбасы қайда тұрады?

ҚР Елордасы қалай аталады?

Тәрбиеші: Балалар бойымызды сергіп алайық.

Біз бақытты баламыз,

Шырқап әнге саламыз.

Туыспыз біз бәріміз,

Бір Отанды сүйеміз

Тәрбиеші: Жақсы балалар, енді Отанымызға байланысты мақал-мәтелдерді тыңдайық, сосын жаттаймыз

Отанды сүю отбасынан басталады.

Отан – оттан да ыстық

Отан үшін отқа түс күймейсің

Мақал-мәтелдер не жайында айтылған?

Отан, Қазақстан Республикамыз туралы.

3.Қорытынды: Балалар біз бүгін сабақта кім туралы айттық?

Балалар: Тұңғыш президент Нұрсұлтан Назарбаев туралы.

Тәрбиеші: Ол кім?

Балалар: Ол біздің елдің тұңғыш президенті.

Тәрбиеші: Дұрыс! Біздің еліміз қалай аталады?

Балалар: Қазақстан!

Тәрбиеші: Дұрыс! Маған біздің елдің рәміздерін атап беріндерші. Олар нені

білдіреді? Жарайсыңдар, балалар! Осымен сабағымыз аяқталды. Әрқашан күн сөнбесін, аспанымыз ашық болып, заманымыз тыныш болсын, тек Қазақстан ғана емес, бүкіл әлем балаларының езуінен күлкі кетпей, әлем балаларының ұйқысы тыныш болсын.





Менчигийн Төрийн.

Түркістан облысы Сарыағаш ауданы Дербісек елді мекені
ЖШС «Дин-Асыл» бөбекжай балабақшасы

Бекітемін:
ЖШС «Дин-Асыл» бөбекжай
балабақшасы меңгерушісі
А.Н. Оразбаева
24.12.2025ж



Ертеңгілік

«Қош келдің Жаңа жыл!»

Ортаңғы «Көгершін»тобы
Тәрбиеші: Ақбаева Б



2025-2026жж

Қош келдің Жаңа жыл!

Жүргізуші: -Армысыздар,ардақты ата-аналар мен ұлағатты ұстаздар және бүлдіршіндер.Жаңа жыл құтты болсын!Жаңа жыл құт береке әкелсін.Балапандарымыз бен бақытты ,да баянды, ғұмыр кешіңіздер.

Бүгін бізге жырдан алқа тағылсын .

Шат күлкіге толы болсын айналаң.

Көргендерде көрмегендерде арманда

Жаңа жыл құтты болсын баршаңызға- дей отырып бүгінгі жаңа жылдық мерекемізді бастаймыз.

Балалардың орындауында ән.

Жүргізуші: -Балалар орнымызға отырамыз.Ал ендеше жаңа жыл туралы тақпақтарымызды айтайық.

Нұрислам:

Армысыздар халайық!

Бармысыздар халайық!

Жаңа жылды жыр жазбай

Бірге қарсы алайық.

А.Дарын:

Келді тағы жаңа жыл

Қуанту мен біздерді

Құтты болсын жаңа жыл

Құттықтаймыз сіздерді

Ерасыл:

Өлең де әзір әнде әзір.

Ойын да әзір,бәрі әзір.

Кел жаңа жыл біздерге

Кел жаңа жыл жаңа жыл!

Жүргізуші: -Балалар біз Аяз атаны шақырайық, естімейтін шығар бар дауыспен шақырамыз.

(Аяз ата келеді)

Аяз ата: -Амансыңдар ма қарақтарым, мен сонау алыс-алыс орманнан сендерді сағынып келдім. Сендерге көптеген сыйлық алып келдім ол үшін сендер маған арнаған жаттауларыңды,өнерлеріңді жақсылап айтып берулерің керек мен сонда ғана сендерге сыйлықтарымды беремін.

Жүргізуші:

Жаңа жылдың таңы неткен арайлы

Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды

Бақыт, шаттық, тыныштық,

Жылқы жылы әкелсін бәрімізге
«Көгершін»тобының ұлдарының Джентельмен биіне кезек береміз.

Би: «Джентельмен»

Жүргізуші:

Жаңа жылда балалар
Тек қуаныш көріңдер
Ауырмандар ешқашан
Мықты болу өзіңнен.
«Көгершін» тобының жаттауларына кезек береміз.

А.Әмина:

Тауда туып тауда өскен
Шырша келді ортаға
Қандай жақсы шыршамыз
Ән шырқайық баршамыз

А.Мұхаммедали:

Шыршамыз шыршамыз
Көңілдіміз баршамыз
Ән салуға би билеуген
Біз дайынбыз бәріміз

Ханшайым:

Тамаша тамаша
Шыршамыз тұр жараса
Басында әсем жұлдызы
Көз тоймайды қараса

Жүргізуші:

Мың бұралып билеген .
Баланы кім сүймеген
Күміс көмей балаларға
Кімдер басын сүймеген
«Көгершін» тобының сұлу қыздарының биін тамашалаймыз

Жүргізуші:

Даламызға қаламызға
Жаңа жыл кіріп келеді
Қартымызға баламызға
Жалынды сәлем береді
- Балаларымыздың тақпақтарына кезек береміз.

К.Әмина:

Жаңа жылым мол болсын
Басқан қадам оң болсын

Төрле-төрле жаңа жыл
Бізге құтты жыл болсын.

Мұстафа:

Ақ таяғын таянып
Таңмен бірге оянып
Аяз ата келіп тұр
Ақ күпіге оранып
«Көгершін»тобының қыздарының қуыршақ биін тамашалаңыздар.

Би: «Қуыршақтар»

Жүргізуші:

Әдемілеп біз ілген
Ойыншықтар тізілген
Қандай әсем шыршамыз
Ән шырқайық баршамыз.
-Балаларымыздың тақпақтарына кезек береміз.

Жантөре:

Ақ қар жапты даланы
Ақ жамылды айнала
Жарқыратып шамдары
Шырша келді ортағы

Медина:

Нұрландырып маңайды
Шырша шамы жағылсын
Жаңа жылдың құрметіне
Ақ тілектер ағылсын

Адина:

Жаңа жылды қарсы алдық
Мініп алып күймеге
Мен де бүгін ән салдым
Араластым биге де

Айбатыр:

Аппақ тонға оранып
Базарлықты мол алып
Келді алыс сапардан
Аяз ата оралып

Жүргізуші:

Қалып едік сағынып
Күтіп алдық жабылып
Жолын қойдық жарық қып

Шыршаларға шам іліп- дей келе отырып «Көгершін»тобынның балдарының индиски биіне кезек береміз.

Би: «Үнді биі»

Жүргізуші: -Жарайсындар балалар! Осымен біздің бүгінгі жаңа жылдық мерекеміз өз шарасына жетті.Келіп тамашалағандарыңызға үлкен рахмет.Жаңа жыл мерекесі құтты болсын отбасыларыңыз аман болсын!Қош сау болыңыздар!



Мексеріңі. Дәрік.